

## "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 29 маусымдағы № 143/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 18950 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының З-тармағына, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 166) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.08.2024 № 521/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидалары бекітілсін.

2. "Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 240 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17081 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Цифрландыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

*A. Жұмагалиев*

*Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрлігі  
2019 жылғы 29 маусымдағы  
№ 143/НҚ бұйрығымен  
бекітілген*

## **"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру обьектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру обьектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 166) тармақшасына сәйкес әзірленді және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру обьектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды (бұдан әрі – техникалық тапсырма) жасау және қарау тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 28.08.2024 № 521/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру объектілерінің иеленушісі – ақпараттандыру объектілерінің меншік иесі заңда немесе келісімде айқындалған шектерде және тәртіппен ақпараттандыру объектілерін иелену және пайдалану құқықтарын берген субъект;

2) бюджеттік бағдарламалар өкімшісі (бұдан әрі – өкімші) – бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуға жауапты мемлекеттік орган;

3) мемлекеттік техникалық қызмет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам;

4) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы (бұдан әрі – сервистік интегратор) – "электрондық үкіметтің" архитектурасын дамытуды әдіснамалық қамтамасыз ету жөніндегі функциялар, сондай-ақ Заңда көзделген өзге де функциялар жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын заңды тұлға.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 30.09.2022 № 360/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

## **2-тарау. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарau тәртібі**

3. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту техникалық тапсырмана сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық тапсырманы жасауды өкімші және (немесе) ақпараттандыру объектісінің иеленушісі дербес немесе оны әзірлеу жөніндегі қызметтерді сатып алу жолымен жүзеге асырады.

Техникалық тапсырманы жасау мынашарға:

1) "Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге арналған стандарттар кешені. Автоматтандырылған жүйелерді құруға арналған техникалық тапсырма" Қазақстан Республикасының СТ 34.015-2002 ұлттық стандартына;

2) бекітілген қаржылық-экономикалық негіздемеге, инвестициялық ұсынысқа, бюджеттік инвестициялық жобалардың инвестициялық ұсыныс жобасына;

3) "электрондық үкіметтің" архитектурасына;

4) Заңның 6-бабы 3) тармақшасына сәйкес бекітілетін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық тапсырмада Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қарашадағы № 925 қаулысымен бекітілген Деректерді басқару жөніндегі талаптарға 1-қосымшаның 3-тармағына сәйкес жүйедегі деректер құрылымының сипаттамасы деректер шебері туралы мәліметтер көрсетіле отырып толтырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.08.2024 № 521/НҚ (алғашқы ресми жарияланған**

күнінен кейін он күнтізбелік құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.05.2025 № 237/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Техникалық тапсырманы ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) келісуге енгізу "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталы (бұдан әрі - архитектуралық портал) арқылы электрондық құжаттар нысанында мынадай тәртіппен:

инвестициялық ұсыныспен "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға жолданған бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша;

бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негізdemесіне оң экономикалық қорытынды алғаннан және оларды бекіткеннен кейін - бюджеттік инвестициялар бойынша;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаның инвестициялық ұсыныстарына немесе бизнес-жоспарына жеке әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөз кезінде немесе бюджеттік заңнамаға сәйкес бизнес-жоспарға экономикалық сараптама қажет етілмеген жағдайда оған қоса бере отырып, оң экономикалық қорытындыны алғаннан кейін - мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша;

"электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту рәсімі басталғанға дейін - "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға арналған жобаларды өзге де тәсілмен іске асыру бойынша жүзеге асырылады.

"Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жөніндегі жобаны іске асырудың тәсіліне байланысты техникалық тапсырмаға бекітілген инвестициялық ұсыныс, бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негізdemе (ерікті нысанда) немесе өзге де жоба алдындағы құжаттар қосымша беріледі.

5. Уәкілетті орган техникалық тапсырманы келісуді толық құжаттар пакеті келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырады

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2022 № 136/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтымен.

6. Техникалық тапсырманың жаңа редакциясы (бөлімдері, тараулары, параграфтары) енгізілген жағдайда, келісу мерзімі әкімші және (немесе) ақпараттандыру объектісінің иеленушісінің хаты қоса беріле отырып, сараптаманы жүргізуі ұзарту туралы сервистік интеграторды және мемлекеттік техникалық қызметті хабардар ете отырып, әкімшіден және (немесе) ақпараттандыру объектісінің иеленушісінен хат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 30.09.2022 № 360/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Уәкілетті орган сараптама жүргізу үшін техникалық тапсырманы сервистік интеграторға және мемлекеттік техникалық қызметке жолдайды.

8. Сервистік интегратор мен мемлекеттік техникалық қызмет техникалық тапсырманы алған күннен бастап он екі жұмыс күні ішінде сараптама жүргізеді және сараптама қорытындыларын (ерікті нысанда) уәкілетті органға жолдайды.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2022 № 136/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Сервистік интегратор "электрондық үкіметтің" архитектурасына сәйкестігіне және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде бірнеше рет пайдалануға жататын стандартты шешімдерді пайдалану мүмкіндігінің болуына техникалық тапсырмаға сараптама жүргізеді.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.08.2024 № 521/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9-1. Сервистік интегратор техникалық тапсырмалар сараптамаға қайта түсken кезде сараптаманы осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес өтеусіз негізде жүргізеді.

**Ескерту. Қағида 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2022 № 136/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Мемлекеттік техникалық қызмет техникалық тапсырманың Қазақстан Республикасының аумағында ақпараттық қауіпсіздікті және ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету саласында қолданыстағы нормативтік құқық актілердің және стандарттардың талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізеді.

10-1. Мемлекеттік техникалық қызмет техникалық тапсырмалар сараптамаға қайта түсken кезде сараптаманы осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес өтеусіз негізде жүргізеді.

**Ескерту. Қағида 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 22.04.2022 № 136/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Уәкілетті орган техникалық тапсырманы сервистік интегратордан және мемлекеттік техникалық қызметтен сараптама қорытындыларын алған күннен бастап

бес жұмыс күні ішінде келіседі немесе анықталған ескертулерді ескере отырып қайтарады.

12. "Электрондық ұқіметтің" ақпараттандыру обьектілерін дамытуды талап ететіндерді қоспағанда, бекітілген техникалық тапсырмада көзделген функционалдық және өзге де талаптарды өзгерту бекітілген техникалық тапсырмаға толықтыру түрінде ресімделеді.

Техникалық тапсырмаға толықтыруды келісу осы Қағидалардың 5-11-тар мақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.